

Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығы.

Республикалық баспасөздө

мазмұны жариялануға тиіс

Ескерту. Жарлықтың атауына және мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2007.07.23 № 369 жарлығымен.

Ескерту. Жарлықтың атауына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.06.2016 № 275 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.06.2016 № 275 Жарлығымен.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл күрес мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже;

2) алып тасталды - ҚР Президентінің 2012.03.13 № 284 Жарлығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.06.2016 № 275 Жарлығымен.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 2 сәуірдегі
№ 839 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Тақырыбына және мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2007.07.23 № 369 жарлығымен.

Ескерту. Жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі

комиссия туралы ереженің атауында және бүкіл мәтін бойынша "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес", "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес", "қарсы күресті", "қарсы күрес", "қарсы күрестің" деген сөздер тиісінше "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл", "қарсы іс-қимылды", "қарсы іс-қимыл", "қарсы іс-қимылдың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 09.06.2016 № 275 Жарлығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссияның міндеттері сыбайлас жемқорлыққа және мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (бұдан әрі – Әдеп кодексі) бұзушылығына қарсы іс-қимылды қүшеттүге, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған келісілген шараларды талдап-жасау мен қабылдау болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 29.06.2024 № 591 Жарлығымен.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссия төрағадан, хатышыдан және осы Ережеге қосымшаға сәйкес Комиссияның өзге де мүшелерінен тұрады. Комиссияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі басқарады. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің менгерушісі Комиссияның хатшысы болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.06.2024 № 591 Жарлығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Президентінің 2012.03.13 № 284 Жарлығымен.

2. Комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

6. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдалап, Мемлекет басшысына енгізу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жай-күйіне, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтарына мониторинг жүргізу мен талдау жасау;

3) жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдар жол берген сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын бұзушылығы туралы азаматтар мен занды тұлғалардың арыз-өтініштерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды қарау және оларға тәртіптік жазалар қолдануға уәкілеттік берілген адамдарға қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымдар дайындау.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Президентінің 29.06.2024 № 591 Жарлығымен.

7. Комиссия өз құзыretі шегінде:

1) орталық және жергілікті органдардан қылмыстық істерді және жедел-іздестіру материалдарын қоспағанда, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға;

2) мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың немесе оларға теңестірілген тұлғалардың жазбаша түсініктемелерін тындауға және олардан ауызша түсініктемелер алуға;

3) құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарға қызмет этикасын бұзу және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактілері бойынша тексеру жүргізу және заңнамада көзделген басқа да шараларды қабылдау үшін материалдарды жолдауға;

4) өз отырыстарында құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар басшыларының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуы мәселелері жөніндегі ақпаратын тындауға;

5) тиісті органдар мен мемлекеттік ұйымдарға "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындауды қамтамасыз етпеген, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған, сондай-ақ Әдеп кодексін бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауаптылығы туралы, тіпті оларды атқаратын қызметінен босатуға шейін, ұсыныстар енгізуге;

6) алып тасталды - КР Президентінің 2003.02.27 № 1032 Жарлығымен;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне қаралатын мәселелер бойынша тапсырмалар беру, Республика Президентінің тиісті актілерін шығару туралы, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың тиісті деңгейін қамтамасыз етпеген, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастырын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдерін, мемлекеттік органдардың басшыларын атқаратын қызметінен босатуға дейін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Президентінің 2003.02.27 № 1032, 2011.02.18 № 1157; 09.06.2016 № 275; 04.08.2018 № 723; 29.06.2024 № 591 Жарлықтарымен.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

8. Комиссияның отырыстары қажетіне қарай тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі, олар Комиссия төрағасының шешімі бойынша ашық немесе жабық болуы мүмкін.

9. Комиссияның отырыстары Комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі болғанда құқылы. Комиссия мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

10. Комиссия шешімдері отырысқа қатысуышылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

11. Комиссияның отырыстарына Комиссияның мүшелері болып табылмайтын лауазымды адамдар, сондай-ақ өзге де адамдар шақырылуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

11-1. Комиссия отырысында тындалатын мемлекеттік органның қызметі саласында заңнаманың бұзылу фактілері келтірілген жағдайда, Комиссия мүшелері болып табылатын немесе Комиссия отырысында шақырылған, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының басшылары орын алған бұзушылық фактілері бойынша өз құзыреті шегінде мемлекеттік органның ұстанымын білдіреді.

Аталған мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының басшылары осындай бұзушылық фактілері бойынша тиісті шаралар қабылдау туралы ұсыныстар айтуда құқылы.

Ескерту. Ереже 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2011.02.18 № 1157 Жарлығымен.

12. Комиссия төрағасы:

- 1) Комиссия қызметіне басшылық жасайды;
- 2) оның отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Комиссия жұмысы туралы Республика Президентіне тұрақты есеп береді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мәселелерін қарауға байланысты құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың алқа отырыстарына қатысуға хақылы.

13. Алып тасталды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Комиссия хатшысы:

- 1) Комиссия мүшелерін Комиссия отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етеді;
- 2) Комиссия отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;
- 3) Комиссия отырыстарының хаттамасын жүргізеді;

- 4) Комиссия шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады әрі бақылау жасайды;
 - 5) Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.
15. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Комиссияның жүктелген міндеттерді орындаудына жәрдемдесуге міндettі.
16. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
іс-қимыл мәселелері жөніндегі
комиссия туралы ережеге
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 29.06.2024 № 591 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, төраға
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің менгерушісі, хатшы

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы
Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы
Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі
Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы

Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін кеңесшісі

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК